


Tabys мобильді қосымшасы инвестицияларынан кірісті өз бетінше қалай декларациялауға болады?

Tabys

Tabys мобильді қосымшасы 2020 жылғы желтоқсанда Astana International Exchange биржасының қолдауымен қазақстандықтарды қор нарығындағы инвестицияларға қатыстыру үшін және бағалы қағаздарға аздаған сомадан бастап инвестициялаудың қарапайым және қолжетімді тәсілін ұсыну үшін құрылған.

Қосымша туралы толығырақ ақпаратты мына жерден алуға болады: www.tabysapp.kz



Сіз биржалық ноталардан күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша кіріс алғаныңызда, жеке табыс салығы бойынша декларация ұсынуыңыз қажет - 240.00 нысаны («СЕН»).

Tabys қосымшасын пайдаланатын жеке тұлғалар 2066 жылғы 1 қаңтарға дейін осы қосымша бойынша алынған кіріс бойынша ЖТС төлеуден босатылатынын назарға алуды өтінеміз:

- АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген қатысушы-заңды тұлғалардың акцияларын өткізген кезде құн өсімінен (Конституциялық заңның 6-б. 7-т. (2.2 тарм.)).
- ҚР Салық кодексінің 341.1.7 бабына сәйкес бағалы қағаздар бойынша дивидендтер мен сыйақылар;

Биржалық ноталарды сатқан кезде құн өсімінен алынған кірісті 240.00 СЕН-де декларациялау міндетті.

Биржалық ноталардан алынған купондар бойынша кірісті 240.00 СЕН-де декларациялау керек емес.

ЖТС (240.00 СЕН) бойынша декларацияны сіз тіркелген жердегі (ҚР-да тіркелімге отырған жердегі) салық органына тапсыру қажет.

▶ **СЕН 240.00 беру мерзімі** – есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей (мысалы, 2021 жылы алынған кірісті 2021 жыл үшін декларацияда декларациялау және 2022 жылдың 31 наурызына дейін тапсыру міндетті).

▶ Бұл нұсқаулық СЕН 240 тапсыруы қажет және СЕН 250/270 тапсыру талап етілетін ҚР-да мемлекеттік лауазым атқармайтын жеке тұлғаларға ғана арналған.


▶ Нұсқаулық 2022 ж. 01 наурыздағы жағдай бойынша ҚР Салық кодексіне, 2019 ж. 30 желтоқсандағы жағдай бойынша «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» заңға және 2021 жылғы «Жеке табыс салығы бойынша декларация (240.00 нысаны)» салық есептілігін құрастыру қағидаларына сәйкес жасалған.

▶ Tabys қосымшасында транзакциялардың бәрі теңгемен жүргізіледі.



240.00 СЕН-де декларациялауға жататын кірісті анықтау

1-қадам. Орындалған ордерлер бойынша есепті Tabys қосымшасында жүктеп алыңыз.



Есеп қалыптастырған кезде есепті кезеңді сіз қосымшаны пайдалануды бастаған сәттен сіз декларация ұсынатын салық кезеңі аяқталатын сәтке дейін белгілеу қажет. Мысалға, егер сіз қосымшаны 2020 жылдан пайдалана бастасаңыз, биржалық нотаны 2020 жылы сатып алсаңыз және оны 2021 жылы сатсаңыз, сіз құн өсімінен алынған табысты 2021 жыл үшін берілетін 240.00 СЕН салық декларациясында декларациялауыңыз қажет. Яғни сатқан кездегі құн өсімінен алынатын кірісті декларациялау бойынша міндеттеме де сатудан кіріс іс жүзінде алынған кезеңде туындайды.

2-қадам. Биржалық ноталарды өткізген кездегі құн өсімінен алынатын кірісті есептеу

Биржалық ноталарды өткізген кездегі құн өсімінен алынатын кіріс келесі түрде есептеледі:

№	Ордердің күні	Орындау күні	Ордердің нөмірі	Мәртебе	Ордердің типі	Биржалық нота	1		2		3		Төңгемен сома	Комиссия
							Саны	Валюта	Баға	Сома	Бағам			
1	07.07.2019	07.07.2019	12673	Орындалды	Сатып алу	Дамушы нарықтардағы компаниялардың облигациялары (ІХВ)	5	USD	42,3	211,5	431,2	91 198,80	0	
2	03.01.2020	03.01.2020	2345	Орындалды	Сатып алу	Дамушы нарықтардағы компаниялардың облигациялары (ІХВ)	3	USD	52,1	156,3	420,65	65 747,60	0	
2	07.07.2020	07.07.2020	1111	Орындалды	Сату	Дамушы нарықтардағы компаниялардың облигациялары (ІХВ)	6	USD	50,30	301,8	405,69	122 437,24	0	

2.1 қадам Сатып алу құнын FIFO (First in First Out)* әдісі бойынша есептеу.

Сатып алу құны $(5 * 42.3 * 431.2) + (1 * 52.1 * 420.65) = \text{KZT } 113,114.67$

2.2 қадам. Құн өсімінен алынған кірісті есептеу.

Өткізу құны $301.8 * 405.69 = \text{KZT } 122,437.24$

Құн өсімінен кіріс $\text{KZT } 122,437.24 - \text{KZT } 113,114.67 = \underline{\underline{\text{KZT } 9,322.58}}$

* Биржалық ноталарды сатқан кезде анағұрлым ертерек алынған биржалық ноталар портфельден алдымен кетеді.

** Биржалық ноталар құнының өсімін анықтаған кезде тек пайдалы транзакциялар ғана есептеледі. Залалды транзакциялар биржалық ноталарды өткізген кезде алынған кірісті азайтпайды.

Бағалы қағаздар бойынша Tabys қосымшасынан алынған кірісті 240.00 СЕН-де қалай декларациялау керек

1-қадам. Мына сілтеме бойынша өтіп, «240.00 СЕН» ұсынуға болады:

I. <https://cabinet.salyk.kz/knp/personal-cabinet/>

ЭЦҚ кілті арқылы авторландыру қажет.

ЭЦҚ жоқ болған жағдайда, [E-gov](https://e-gov.kz) сайтына өтіп, жеке тұлға үшін ЭЦҚ-ны онлайн алуға болады

* Бұл нұсқаулық Salyk кабинеті арқылы 240.00 СЕН ұсыну үшін әзірленген

II. «e-Sayq Azamat» мобильді қосымшасы

Бұл қосымша **App Store** немесе **Play Market**-те ақысыз қолжетімді.

2-қадам. «Салық есептілігінің нысандары» қосымша бетінде «Нысандар тізімін баптауды» таңдап, одан әрі қарай 240.00 СЕН-ді тауып алу керек

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті
САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ КАБИНЕТІ

1

Жеке кабинет | Дербес шот | Салық есептілігінің нысандары | Хабарламалар/Ескертпелер/Шешімдер | Салықтық мәлімдеме | Сервис-төлемдер | Ілеспе жүкқжаттар накладные | Настройки | Помощь

Сайттың картасы | Жаңа нысанды тоқтыру | Журнал форм | Нысандар журналы | Импорт форм | Нысандарды импорттау | **Настройка списка форм** | Нысандар тізімін баптау

2

Салық төлеуші кабинеті

Нысандар тізімін баптау

3

Группа	Наименование формы	Нысанның атауы	
2022			<input type="checkbox"/>
2021			<input type="checkbox"/>
	200.00 д. 200.00 Жеке табыс салғы бойынша және әлеуметтік салық бойынша декларация		<input type="checkbox"/>
	240.00 д. 240.00 Жеке табыс салғы бойынша декларация		<input type="checkbox"/>

www.pwc.kz

Байланыс



PwC Tax and Advisory

Жеке тұлғаларға салық салу мәселелері бойынша консультациялар

kz_personal_taxation@pwc.com



- Салықтық міндеттемені және салық декларациясын ұсыну қажеттілігін талдау
- Бағалы қағаздарға салық салу
- «Жалпыға бірдей декларациялау туралы заңға» қатысты әртүрлі мәселелер